

Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті орталық аппаратының құрылымы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 27 желтоқсан N 1664.
Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1997.05.20. N 851 қаулысымен. ~P970851

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті орталық аппаратының құрылымы қосымшаға сәйкес орталық аппарат қызметкерлерінің шекті санының негізінде 96 адам болып бекітілсін.

2. Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитетке төрағаның екі орынбасарын, оның ішінде бір бірінші орынбасарын, сондай-ақ құрамында 11 адамы бар алқа ұстауға рұқсат етілсін.

3. Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы

саясат жөніндегі мемлекеттік комитетінің орталық аппаратына қызметтік 3 жеңіл автомобиль лимиті белгіленсін.

4. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

"Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті орталық аппаратының құрылымы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 19 желтоқсандағы N 1805 қаулысы:

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 19 желтоқсандағы N 1805 қаулысына өзгертулер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 15 тамыздағы N 1014 қаулысы.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 27 желтоқсандағы
N 1664 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасының Баға және монополияға
қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті
орталық аппаратының құрылымы туралы

Басшылық

Мемлекеттік және табиғи монополияларды реттеу
бас басқармасы

Көлік, байланыс және отын-энергетика кешенінің нақты
шығындарына бақылау жасау жөніндегі бөлім

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және мемлекеттік
органдардың нақты шығындарына бақылау жасау жөніндегі бөлім

Монополияға қарсы заңдардың сақталуын қадағалау жөніндегі
бас басқарма

Бәсекелестік нарықты дамыту басқармасы

Талдау, ақпарат және ұйымдастыру жұмысы басқармасы

Тұтынушылар құқығын қорғау басқармасы

Материалдық-техникалық жабдықтау бөлімі

Қаржы-экономика бөлімі